



## ТҮРКІТІЛДЕС ЕЛДЕРДІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ

---

### ӘЛЕУМЕТТІК, МӘДЕНИ-ГУМАНИТАРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

#### ТОҒЫЗЫНШЫ ОТЫРЫС

*Баку қаласы, 2022 жылғы 22 сәуір*

#### “ТҮРКПА МҮШЕ ЕЛДЕРІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ”

#### ҰСЫНЫМДАР

Парламенттік Ассамблея:

Әлеуметтік даму қоғамның әрбір мүшесінің әл-ауқатын арттыруға, олардың өз әлеуетін барынша қолдануға қол жеткізе алу дегенді білдіретін жаһандық тезисті **назарға ала отырып**;

Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту Лайықты жұмыс және экономикалық өсу (8-ші ТДМ) және Теңсіздікті азайту (10-шы ТДМ) бойынша 2030 жылғы кезеңге дейінгі Күн тәртібі мақсаттарының негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуге мүмкіндік беруі тиіс екенін **түсіне отырып**;

Халықтың әлеуметтік осал топтарын қоғамдық игіліктерді ұдайы өндіру процесіне тартудың, олардың қоғамдық қатынастар жүйесіне енуіне және әлеуметтік өмірге қатыстылығын сезінуіне мүмкіндік берудің маңыздылығын **атап өте отырып**;

COVID-19 пандемиясының адамзат өміріне, әсіресе халықтың әлеуметтік осал топтарына өте ауыр кері әсерін тигізгенін **айта отырып**;

Халықтың әлеуметтік осал топтарын кәсіпкерлік қызметке тарту олардың өмірінің тұрақты дамуы үшін қолайлы жағдайларды арттыру тәсілі болып табылатынын **растай отырып**;

ТүркПА-ға мүше елдер ынтымақтастығының, олардың өзара ақпарат алмасуының және халықтың әлеуметтік осал топтарының өмірін жақсартуға және жеңілдетуге бағытталған бірлескен іс-қимылдарының артықшылықтарын **сезіне отырып**;

Тұрақты өсу мен экономикалық дамудың маңызды элементі ретінде әлеуметтік кәсіпкерлікті ынталандыру қажеттілігін **мойындай отырып**;

Парламенттер мен парламентшілердің заңнаманы қабылдау, бюджеттерді бекіту, ресурстарды жұмылдыру арқылы ұлттық экономиканың әлеуметтік секторында маңызды рөл атқаратынын **мойындай отырып**;

Парламенттердің заңнама тұрғысынан әлеуметтік кәсіпкерлікті институционалдық, инфрақұрылымдық және қаржылық қолдауды қамтамасыз етудегі негізгі рөлін **ескере отырып**,

ТҮРКПА-ға мүше елдердің парламенттеріне келесіні **ұсынады**:

- a) нәтижесінде ТүркПА-ға мүше елдердің заңнамасын үйлестіруді және жақындастыруды қарастырып, әлеуметтік кәсіпкерлік мәселелеріне қатысты құқықтық базаны **жетілдіру**;
- b) ТүркПА-ға мүше елдердің әлеуметтік ұйымдарының бастамаларын тану және қоғамда әлеуметтік кәсіпкерлік тұжырымдамасын тарату мақсатында ТүркПА-ға мүше елдердің аумақтарында халық арасында ақпараттық-ағарту қызметін **жүргізу**;
- c) COVID-19 пандемиясы немесе ұқсас форс-мажор жағдайларын ескере отырып, әсіресе заңнамалық салада әлеуметтік кәсіпкерлік бастамаларды қолдау үшін ТүркПА-ға мүше елдердің әртүрлі мемлекеттік құрылымдары арасындағы ынтымақтастық пен қызметті үйлестіру жолдарын **іздеу**;
- d) әлеуметтік кәсіпкерлік туралы ортақ түсінік қалыптастыру және әлеуметтік кәсіпорындарды қолдау мақсатында олардың өнімдері мен қызметтерін сатып алуға мемлекеттік және жеке сектордан қаражат тарту үшін делдал және қолдау ұйымдары, мемлекеттік мекемелер және жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасындағы қызметті заңнамалық деңгейде **белгілеу**;

- e) ТүркПА-ға мүше елдермен салықтық ынталандырудың тиімді саясатын және әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтуды қолдау жоспарларын құру мен тиісті тәжірибе алмасу бағытында ынтымақтастықты *дамыту*;
- f) әлеуметтік кәсіпкерлік саясатын әзірлеуде инклюзивті және икемді тәсілді қабылдау және бюрократиялық кедергілерді немесе іске асыру қателерін жою үшін сарапшылар мен заңгерлер арасында тұрақты негізде консультациялар *өткізу*;
- g) ТүркПА-ға мүше елдердің тиісті саладағы заңнамасын жақындастыру мақсатында әйелдерге, жастарға және мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған әлеуметтік кәсіпкерлік бағдарламаларын тиімді пайдалануға байланысты ұлттық және халықаралық тәжірибені *зерделеу*, тиісті құжаттарды *жинау* және *талдау*;
- h) осы саладағы білім деңгейін көтеру, экономиканың осы сегментіне жаңа қатысушыларды тарту және қоғамда хабардарлықты арттыру мақсатында ТүркПА-ға мүше елдер арасында жоғары білім беру жүйесінде де, мектеп деңгейінде де әлеуметтік кәсіпкерлік саласында білім беруді *жаю* және корпоративтік (әлеуметтік) жауапкершілік, инклюзивті кәсіпорындар, әлеуметтік және ынтымақты экономика, орнықты даму, венчурлық қайырымдылық және адами әлеуетті дамыту сияқты мәселелерді қамтитын пәнаралық зерттеулер *жүргізу*;
- i) әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы зерттеушілер мен тәжірибешілерге көмектесетін деректерді *жинау* және *тарату* әрі тиісті саладағы ТүркПА-ға мүше елдер арасындағы ынтымақтастықтың басымдықтарын *айқындау*.